



"Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 153 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы б е к і т і л с і н .

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н.Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 6 ж ы л ғ ы

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының
Консулдық жарғысы**

Осы Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Қазақстан Республикасының консулдық қызметінің құқықтық негіздерін, Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасынан

тыс жерлерде Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғыда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі (бұдан әрі – консулдық мекеме) – белгілі бір консулдық округтің шегінде Қазақстан Республикасының атынан консулдық функцияларды орындайтын Қазақстан Республикасының шет елдегі м е к е м е с і ;

2) консулдық мекеменің сыныбы – Қазақстан Республикасы болу мемлекетімен келісу бойынша оның болу мемлекетіндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси маңызына және орналасқан жеріне байланысты айқындайтын консулдық мекеменің мәртебесі;

3) консулдық мекеменің басшысы – консулдық мекемені басқаратын Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қызметкері;

4) Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды адамы (бұдан әрі – консул) – Қазақстан Республикасының атынан консулдық округтің шегінде консулдық функцияларды орындайтын Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің қ ы з м е т к е р і ;

5) Қазақстан Республикасының құрметті (штаттан тыс) консулы (бұдан әрі – құрметті консул) – Қазақстан Республикасының құрметті консулдығын (бұдан әрі – құрметті консулдық) басқаратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде тұрмайтын, Қазақстан Республикасы атынан шет мемлекеттің аумағында консулдық округтің шегінде жекелеген консулдық функцияларды орындау тапсырылған адам;

6) консулдық округ – консулдық функцияларды орындау үшін консулдық мекемеге б ө л і н і п б е р і л г е н а у м а қ ;

7) консулдық архив – құжаттар, хат-хабарлар, аудио және бейне материалдар, ақпаратты электрондық жеткізгіштер, кітаптар, журналдар, тізілімдер, картотекалар, шифрлар, кодтар, мөрлер, мөртаңбалар және консулдық функцияларды орындауға а р н а л ғ а н ө з г е д е з а т т а р ;

8) болу мемлекеті – аумағында Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі о р н а л а с қ а н ш е т м е м л е к е т .

2. Қазақстан Республикасының консулдық қызметі – халықаралық құқық жол беретін шектерде мемлекеттің, Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен достық қарым-қатынастарын дамытуға, экономикалық, сауда-саттық, ғылыми-техникалық, ізгілік-мәдени байланыстарды және туризмді кеңейтуге жәрдемдесетін Қазақстан

Республикасы дипломатиялық қызметінің бір бөлігі.

3. Қазақстан Республикасының Консулдық қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарғыға, болу мемлекетінің заңнамасын ескере отырып өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдіктер (бұдан әрі – дипломатиялық өкілдік) жоқ мемлекеттерде болу мемлекетінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) консулдық мекеменің басшысына дипломатиялық функцияларды жүктеуі мүмкін.

5. Консулдық мекемелердің ғимараттарында міндетті түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріледі және Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылады.

6. Консулдық мекеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мекеменің атауы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және болу мемлекетінің ресми тілінде жазылған мөрі болады.

7. Консулдық мекеменің орналасқан жері, оның сыныбы мен консулдық округі болу мемлекетімен келісу бойынша айқындалады.

2. Консулдық мекемелердің қызметін ұйымдастыру

8. Консулдық мекемелер мынадай сыныптарға бөлінеді: бас консулдықтар, консулдықтар, вице-консулдықтар және консулдық агенттіктер.

Дипломатиялық өкілдіктер жанында консулдық функцияларды орындайтын консулдық бөлімдер жұмыс істейді.

Дипломатиялық өкілдіктің консулдық бөлімін болу мемлекетінің аумағындағы немесе дипломатиялық өкілдік қоса атқарушы болып аккредиттелген басқа мемлекеттің аумағындағы дипломатиялық өкілдіктің басшысы құрады.

9. Консулдық мекеме болу мемлекетінің аумағында сол мемлекеттің келісімі бойынша ғана ашылады.

10. Консулдық мекемелер Министрліктің және болу мемлекетіндегі дипломатиялық өкілдіктің (бар болған жағдайда) басшылығымен немесе Министрліктің тапсырмасы бойынша басқа мемлекеттегі дипломатиялық өкілдіктің басшылығымен жұмыс істейді.

11. Консулдық мекемелер Министрлікке консулдық қызметі туралы есептер ұсынады.

12. Консулдық мекемелер:

- 1) бас консулдықтар – Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының;
- 2) консулдықтар, вице-консулдықтар және консулдық агенттіктер – Қазақстан

Республикасы Үкіметі қаулыларының негізінде құрылады, қайта ұйымдастырылады және өз қызметтерін тоқтатады.

13. Консулдық мекеменің орналасқан жерін болу мемлекеті шегінде өзгерту консулдық мекемені ашу үшін көзделген қосымша актіні қабылдауды талап етпейді және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің (бұдан әрі – Министр) шешімімен жүзеге асырылады.

14. Консулдық мекемелер және олардың персоналы болу мемлекетінде болу мемлекетінің заңнамасына, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

15. Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен консулдық байланыс орнатуы өзара келісім бойынша жүзеге асырылады. Дипломатиялық қатынастар орнатуға келісім, егер өзгеше ескертілмесе, консулдық қарым-қатынастар орнатуға келісімді білдіреді.

16. Консулдық мекемелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимылды консулдық округте орналасқан олардың өкілдіктерін қоспағанда, Министрлік арқылы жүзеге асырады.

17. Консулдық көрсетілетін қызметтерді алу үшін жеке және заңды тұлғалардан түсетін құжаттарды қабылдауды және өңдеуді Қазақстан Республикасының аумағында – Министрліктің және Министрлікке жүктелген міндеттерді жүзеге асыруға жәрдемдесетін Министрлікке ведомстволық бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлері, шет елдерде – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері жүзеге асырады.

18. Қазақстан Республикасының аумағында консулдық функцияларды іске асыру кезінде материалдық-техникалық қамтамасыз етуді Министрлік және Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесетін Министрлікке ведомстволық бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

3. Консулдық мекеменің басшысы және персоналы

19. Бас консулдықтарды, консулдықтарды, вице-консулдықтарды және консулдық агенттіктерді тиісінше бас консулдар, консулдар, вице-консулдар және консулдық агенттер басқарады.

Дипломатиялық өкілдіктердің консулдық бөлімдерін консулдық бөлімдердің меңгерушілері басқарады.

20. Консулдық мекеменің басшысына лауазымға тағайындалған кезде Министр немесе оның міндетін атқарушы өзге адам қол қоятын жазбаша өкілеттік – консулдық патент беріледі, онда басшының толық аты мен тегі, консулдық мекеменің сыныбы,

консулдық округ және консулдық мекеменің болу мемлекетіндегі орналасқан жері көрсетіледі.

Консулдық патентті құрметті консулға берген кезде қосымша оның азаматтығы көрсетіледі.

21. Консулдық мекеменің басшысы өз міндеттерін атқаруға болу мемлекетінің рұқсатын – экзекватурасын алғаннан кейін кіріседі. Осы Жарғының 22-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, консулдық мекеменің басшысы экзекватура алғанға дейін өз міндеттерін атқаруға кірісе алмайды.

22. Болу мемлекетінің келісімімен консулдық мекеменің басшысы өзіне экзекватура берілгенге дейін консулдық функцияларды орындауға уақытша жіберіледі.

Егер консулдық мекеменің басшысы қандай да бір себепке орай өз функцияларын орындай алмаса немесе консулдық мекеменің басшысы лауазымы уақытша бос болса, оның міндеттерін уақытша атқаруды Министрліктің айқындауы бойынша осы немесе өзге консулдық мекеменің (дипломатиялық өкілдіктің) консулы жүзеге асырады.

Егер консулдық мекеменің басшысы қызметтік қажеттілікке байланысты болу мемлекетінен тыс жерде немесе еңбек демалысында болса, оның міндеттерін уақытша атқаруды консулдық мекеменің басшысы айқындайтын осы консулдық мекеменің консулы жүзеге асырады.

23. Консулдық мекеменің басшысы:

1) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін барлық заңды құралдармен және әдістермен қорғайды;

2) консулдық округтегі ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша Министрлікті хабардар етеді;

3) Қазақстан Республикасының болу мемлекетімен ынтымақтастығын дамытуды қамтамасыз етеді;

4) болу мемлекетінде консулдық мекемеге, персоналға және олардың отбасы мүшелеріне халықаралық құқық нормалары мен болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерді қамтамасыз ету жөнінде қажетті шараларды қабылдайды;

5) консулдық округтен тыс жерге қысқа мерзімді қызметтік іссапарларға шығуды Министрлікпен келіседі;

6) заңнамамен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен өз құзыретіне жатқызылған басқа да функцияларды орындайды.

24. Консулдық мекеменің басшысы:

1) Министрлікке болу мемлекетімен екіжақты қатынастар мәселелері жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;

2) консулдық мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан қажетті материалдар мен құжаттарды белгіленген тәртіппен алуға;

3) Министрлікке консулдық мекеменің персоналын мемлекеттік наградалармен марапаттау, дәрежесі мен лауазымын көтеру, мерзімінен бұрын елге қайтару немесе шетелдегі жұмыс мерзімін ұзарту, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізуге;

4) консулдық мекемені қаржыландыру жоспарында көзделген қаражаттың (шығыстың) лимитіне билік етуге;

5) консулдық мекеменің қызметі мәселелері бойынша бұйрықтар шығаруға, Министрлікпен келісу бойынша қызмет көрсетуші персоналмен еңбек қатынастарына байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, консулдық қызмет персоналының жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалыстарының кестесін бекітуге ;

6) жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысы берілген кездегі жол жүруді қоспағанда, болу мемлекетіндегі дипломатиялық өкілдік басшысымен (бар болған жағдайда) келісу бойынша консулдық мекеме персоналының және олардың отбасы мүшелерінің консулдық округтен тыс жерлерге қысқа мерзімді жол жүруіне рұқсат б е р у г е ;

7) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен Министрдің бірлескен бұйрығында белгіленген тәртіппен болу мемлекетінде өзінің қызметкерлері жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтау жүргізуге құқылы.

25. Консулдық мекемелердің персоналы мен олардың отбасы мүшелері болу мемлекетінің заңдарын сақтауға, жергілікті салт-дәстүрлерді құрметтеуге және болу мемлекетінің ішкі істеріне араласу ретінде қарастырылуы мүмкін кез келген і с - ә р е к е т т е н т а р т ы н у ғ а т и і с .

26. Өз қызметін Қазақстан Республикасынан тыс жерде жүзеге асыратын консулдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын шет елдердегі дипломатиялық қызмет персоналының еңбек шарттары қолданылады.

4. Консулдық функциялар және оларды орындау

27. Консулдық функцияларды Қазақстан Республикасы атынан:

1) Қазақстан Республикасының аумағында – Министрлік;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде:

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері;

болу мемлекеті келіскен кезде Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарт жасасқан басқа мемлекеттер орындайды.

28. Консулдық мекеменің басшысы өзіне жүктелген функцияларды жеке өзі о р ы н д а й д ы .

Консулдық мекемеде жекелеген консулдық функцияларды орындау – консулдық мекеме басшысының, дипломатиялық өкілдікте – дипломатиялық өкілдік басшысының бұйрығы негізінде басқа консулға жүктелуі мүмкін.

29. Консулдық мекемеде консулдық функцияларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуына дербес жауаптылық – консулдық мекеменің басшысына, дипломатиялық өкілдікте – дипломатиялық өкілдіктің басшысына және консулдық бөлімнің меңгерушісіне жүктеледі.

30. Консул консулдық функцияларды консулдық округ шегінде орындайды. Консулдық функцияларды консулдық округтан тыс жерлерде орындау ерекше жағдайларда Министрліктің тапсырмасы бойынша болу мемлекетінің келісімімен жүзеге асырылады.

31. Консулдың басқа мемлекеттің атынан консулдық функцияларды орындауы осы мемлекетпен уағдаластық бойынша және болу мемлекетінің келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

32. Консул жылына кемінде бір рет өз консулдық округін аралап шығады.

33. Консул консулдық архивке қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

34. Консул өз консулдық округінің шегінде консулдық мекеменің қызметіне байланысты барлық мәселелер бойынша болу мемлекетінің билік орындарына өтініш білдіруге құқылы.

35. Консул өзінің консулдық қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының, сондай-ақ шетелдік жеке және заңды тұлғалардың жазбаша және ауызша өтініштерін қабылдайды.

36. Консулдық функцияларды жүзеге асыратын адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды консулдық мекеменің басшысы, дипломатиялық өкілдіктің басшысы немесе Министрлік, сондай-ақ өзге де тұлғалар және ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

37. Консулдық функцияларға:

1) Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтарын консулдық есепке алу;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелерін қарау;

4) Қазақстан Республикасының визаларын беру, қалпына келтіру, жою, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және қысқарту;

5) жеке басты куәландыратын құжаттарды беру және алып қою;

6) Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілерін тіркеу;

7) Қазақстан Республикасының шет елдегі азаматтарын асырап алу, қамқоршылыққа және қорғаншылыққа алу;

8) Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерде тұрақты тұруына рұқсатты ресімдеу;

9) құжаттарды заңдастыру;

10) нотариаттық іс-әрекеттер жасау;

- 11) құжаттарды талап етіп алдыру;
- 12) Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру;
- 13) санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау саласында шаралар қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының әуе кемелеріне, теңіз және өзен флоты кемелеріне, автомобиль және теміржол көлігі құралдарына жәрдемдесу;
- 15) Қазақстан Республикасы азаматтарының мүлкін қорғауға қатысты шаралар қабылдау;
- 16) болу мемлекетінде қиын жағдайға ұшыраған, оның ішінде форс-мажорлық жағдайлар салдарынан, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ қайтыс болған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты шаралар қабылдау;
- 17) қамаққа алынған, түрмеге қамалған, күзетке алынған немесе ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты, сондай-ақ консулдық округ аумағында хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасының азаматтарын іздестіру бойынша шаралар қабылдау жатады.

38. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес консулдық іс-әрекеттер жасағаны үшін консулдық алым алынады.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзге де консулдық функциялар көзделуі мүмкін.

5. Консулдың Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына қатысты функциялары

40. Консул Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының оларға болу мемлекетінің заңнамасы және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар ұсынған барлық құқықтарды толық көлемде пайдалануы үшін шаралар қабылдайды.

41. Консул консулдық округ аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының және болу мемлекетінің заңнамасына сәйкес олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету мақсатында жәрдем көрсетеді.

42. Консул Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайды.

43. Консул өзінің консулдық округінде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын болу мемлекетінің қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ жергілікті салт-дәстүрлер туралы хабардар етеді.

44. Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елде болуына қатысты мәселелер жөніндегі консул өкімдерінің олар үшін міндетті күші бар.

45. Егер Қазақстан Республикасының азаматтары болмаса немесе қаржылық сипаттағы немесе наукастану себептеріне байланысты өздері қатыса алмаса әрі істің жүргізілуін қандай да бір адамға тапсырылмаса немесе басқа да себептермен өз мүдделерін қорғай алмайтын болса, консулдық болу мемлекетінің мекемелерінде олардың атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқығы бар. Бұл өкілдік олар өз уәкілетті адамдарын тағайындағанға дейін немесе өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды өздеріне алғанға дейін жалғасады.

6. Қазақстан Республикасының азаматтарын консулдық есепке алу жөніндегі функциялар

46. Консул өзінің консулдық округінде тұрақты тұрып жатқан және уақытша жүрген Қазақстан Республикасы азаматтарының есебін жүргізеді.

7. Консулдың Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі функциялары

4 7 . К о н с у л :

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселесі бойынша өтініштер қабылдайды және оны қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жолдайды ;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуын тіркейді;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілілігін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтық мәселесі бойынша қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.

8. Консулдың Қазақстан Республикасы визаларын беру жөніндегі функциялары

4 8 . К о н с у л :

1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының визаларын береді, олардың күшін жояды, қалпына келтіреді, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзартады және қысқартады не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын беруден бас тарту туралы

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы ;

2) шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың келуіне визалар беру есебінің бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, мәліметтердің жүйелі түрде жаңартылуын камтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен уақтылы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасына өз еркімен қоныс аударуға ниет білдірген этностық қазақтарға келу, оның ішінде оралмандарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келу шарттары, қабылдау шарттары мен әлеуметтік қолдау шаралары туралы ақпарат береді;

4) Қазақстан Республикасына келу туралы өтініштер берген көшіп келушілердің, оның ішінде этностық қазақтардың құжаттарын қабылдайды, тіркейді, оларды халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін келуге арналған визаларды ресімдейді.

9. Консулдың жеке басты куәландыратын құжаттарды беру және алып қою мәселелері жөніндегі функциялары

4 9 .

К о н с у л :

1) Қазақстан Республикасының шет елдердегі азаматтарына паспорттар жасауға құжаттарды қабылдайды және жібереді әрі олардың паспорттарына қажетті жазбалар е н г і з е д і ;

2) Қазақстан Республикасына қайтып оралу куәлігін береді;

3) шетелде тұрақты тұру құқығына құжаттар алған Қазақстан Республикасының азаматтарынан – жеке куәліктерін, өзге мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда – Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алып қояды.

50. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру және алып қою «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Консулдың азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі функциялары

5 1 .

К о н с у л :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асырады;

2) азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтық хал актілері жазбалары органдарында тіркелген азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру және жою жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Консулдың Қазақстан Республикасының шет елдегі азаматтарын асырап алуға, қамқоршылыққа және қорғаншылыққа алуға қатысты функциялары

52. Консул Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға ниет білдірген шетелдіктердің есебін жүргізеді.

53. Министрлік Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына сәйкес шетелдіктерге асырап алуға берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды есепке қоюды жүзеге асырады.

Шетелдіктерге асырап алуға берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде есепке қою және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің балаларды бақылауды жүзеге асыру тәртібі Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

54. Консул консулдық округ шегінде шетелдіктерге асырап алуға берілген балаларды бақылауды жүзеге асырады.

55. Консул консулдық округ аумағында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар болып табылатын асырап алушылардың асырап алған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайы және денсаулығы туралы есеп беруін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

56. Консул өзінің консулдық округіндегі, ата-ана қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған Қазақстан Республикасының азаматтарына қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу үшін шаралар қабылдайды.

Консул сондай-ақ денсаулық жағдайына байланысты өз құқықтарын өздігінен жүзеге асыра алмайтын және өз міндеттерін орындай алмайтын, кәмелетке толған Қазақстан Республикасының азаматтарына қамқоршылық белгілеу үшін шаралар қабылдайды.

12. Консулдың Қазақстан Республикасының азаматтарына шет елде тұрақты тұруға рұқсат беруді ресімдеу мәселелері жөніндегі функциялары

57. Консул Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша шыққан және шет мемлекетте тұрақты тұруды ресімдеуге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына шет елде тұрақты тұруға рұқсат беруді ресімдеу құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады.

58. Консул шет елге уақытша шыққан және онда тұрақты тұруды ресімдеуге ниет білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елде тұрақты тұруы мәселелері жөніндегі шешімдерді Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының рұқсаттары

негізінде

қабылдайды.

59. Қазақстан Республикасынан тыс жерге уақытша жұмыстармен шыққан және онда тұрақты тұруды ресімдеуге ниет білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарының құжаттарын қабылдау және жолдау тәртібі Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

13. Консулдың құжаттарды заңдастыру мәселелері жөніндегі функциялары

60. Консул консулдық округтің билігі, сондай-ақ консулдық округте аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктер мен шет мемлекеттердің консулдық мекемелері жасаған немесе куәландырған құжаттар мен актілерді заңдастыруға қабылдайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шет мемлекеттер билігінің қатысуымен жасалған немесе осы биліктен шығатын құжаттар мен актілерді заңдастырылған жағдайда ғана қарауына қабылдайды.

61. Құжаттарды заңдастыру құжаттарды басқа мемлекетте пайдалану мақсатында лауазымды адамның қойған қолы мен құжаттардағы мөрдің төлнұсқалығын белгілеу және куәландыру болып табылады.

62. Құжаттарды заңдастыру тәртібі Министрдің бұйрығымен бекітіледі.

14. Консулдың нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері жөніндегі функциялары

63. Консул мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландырады;

2) мұраға құқық туралы куәліктер береді;

3) ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығында мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;

4) құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;

5) құжаттарға қойылған қолдың төлнұсқалығын куәландырады;

6) құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады;

7) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;

8) азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;

9) құжаттардың берілген уақытын куәландырады;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;

- 11) ақшаларды депозитке қабылдайды;
- 12) құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдайды;
- 13) теңіз наразылықтарын жасайды;
- 14) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

64. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде консул жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

65. Консул өз атына және өз атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, қарындастары, немерелері, атасы, әжесі) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

15. Консулдың құжаттарды талап етіп алдыру мәселелері жөніндегі функциялары

66. Консул өзінің консулдық округінде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға олардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді.

Құжаттарды талап етіп алдыру Қазақстан Республикасынан немесе шет елдерден Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды салып жіберу (жеткізу, өткізу) болып табылады.

67. Министрліктің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап етіп алдыру тәртібі Министр мен Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығымен белгіленеді.

16. Консулдың Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын іске асыру жөніндегі функциялары

68. Консул Қазақстан Республикасының азаматтарына олардың сайлау құқықтарының іске асырылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сайлау құқығы қағидаттарының сақталуына жәрдем көрсетеді.

69. Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды және республикалық референдумды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің үй-жайында сайлау учаскесі құрылған жағдайда, консулдық мекеме бұл туралы консулдық округтің билік органдарын ресми түрде хабардар етеді.

17. Консулдың қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды

адамдарының және сот органдарының тапсырмаларын орындау жөніндегі функциялары

70. Консул Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тәртіппен қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының және сот органдарының Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты тапсырмаларын орындайды.

71. Консул консулдық округ шегіндегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдеріне қызметтік міндеттерін орындауға жәрдем көрсетеді.

18. Консулдың санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау саласында шаралар қабылдау жөніндегі функциялары

72. Консулдық округ аумағында карантиндік аурулар пайда болған кезде консул Қазақстан Республикасының санитариялық, фитосанитариялық және ветеринариялық қорғау саласындағы уәкілетті органдарын ауру таралған ауданның атын және шекарасын, ауруға шалдығу оқиғаларының санын және жергілікті биліктің індетке қарсы қабылдаған шараларын көрсетіп, хабардар етеді.

Консул Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған азаматтарға Қазақстан Республикасына барған кезде екпелер туралы халықаралық сертификат ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді.

73. Консулдық округ шегінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің қауіпті аурулары немесе зиянкестері пайда болған, сондай-ақ мал мен құстар жаппай ауырған немесе адам мен жануарларға ортақ аурулардың таралу қаупі болған жағдайларда консул бұл туралы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына хабарлайды.

74. Консул Қазақстан Республикасына баруға рұқсат алған азаматтарға Қазақстан Республикасына барған кезде малға, шикізатқа және жануарлардан алынатын өнімдерге ветеринариялық сертификаттар ұсыну қажеттігі және Қазақстан Республикасына тұқымды, тірі өсімдіктерді, екпе материалды, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді әкелу қағидалары туралы хабардар етеді.

19. Консулдың Қазақстан Республикасының әуе кемелеріне, теңіз және өзен флоты кемелеріне, автомобиль құралдарына және теміржол көлігіне қатысты функциялары

75. Консул болу мемлекетінің әуежайларында, өзінің консулдық округі шегінде Қазақстан Республикасы әуе кемесінің (бұдан әрі – әуе кемесі) командиріне, экипажы

мен жолаушыларына болу мемлекетінің заңнамасына және Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтар мен иммунитеттер толық көлемде берілуі үшін шаралар қабылдайды.

76. Консул Қазақстан Республикасы әуе кемесінің командиріне, экипажына және жолаушыларына болу мемлекетінің билігімен қатынас жасауда жәрдем көрсетеді, сондай-ақ қажет болған жағдайда әуе кемесін, оның экипажы мен жолаушыларын Қазақстан Республикасына қайтаруға немесе ұшуды жалғастыруына қатысты шаралар қабылдайды.

77. Әуе кемесі консулдық округтің шегінде аварияға ұшыраған, қонуға мәжбүр болған немесе басқа бір оқиғаға ұшыраған жағдайларда консул экипаж бен жолаушыларға қажетті көмек көрсетеді.

78. Әуе кемесінің бортында қылмыс жасалған жағдайда консул әуе кемесінің командиріне Қазақстан Республикасының заңнамасынан және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттерді орындауына жәрдем көрсетеді.

79. Министрліктің Қазақстан Республикасының авиакомпанияларымен уағдаластығы бойынша консул дипломатиялық поштаны және дипломатиялық жүктерді Қазақстан Республикасының әуежайларына ұшып бара жатқан Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен Министрлік пен Қазақстан Республикасы авиакомпанияларының арасындағы келісілген тарифтер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы авиакомпанияларының қауіпсіздік қағидаларының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жібереді.

80. Болу мемлекетінде әртүрлі себептерге немесе табиғи катаклизмдерге байланысты төтенше жағдай жарияланған жағдайда консул Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының әуежайларына ұшып бара жатқан Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен жіберу бойынша жәрдем көрсетеді.

81. Осы тараудың 75-80-тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері авиациясының ұшақтарына (тікұшақтарына), теңіз және өзен флоты кемелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының автомобиль және теміржол көлігі құралдарына да қолданылады.

82. Теңіз кемесі шетелде сатып алынған жағдайда консул Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік береді.

20. Консулдың болу мемлекетінде, оның ішінде форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан қиын жағдайға ұшыраған Қазақстан

Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты шаралар қабылдау жөніндегі функциялары

83. Егер Қазақстан Республикасының азаматы болу мемлекетінде форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан қиын жағдайға ұшыраған және өмір сүруге қаражаты болмаған, сондай-ақ қылмыстық құрылымдар әрекетінің және адам саудасының құрбаны болған және осы туралы консулдық мекемеге хабарлаған жағдайларда консул:

- 1) осы азаматты шақырған адамның немесе ұйымның оның осы мемлекетте болуына байланысты шығыстарын өтеу міндеттемелерінің бар-жоғын белгілейді және олардың орындалуына жәрдемдеседі;
- 2) осы азаматтың өзінің отбасы мүшелерімен, туыстарымен немесе өзге адамдармен байланыс орнатуына жәрдем көрсетеді;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қажетті, оның ішінде қаржылық көмек көрсетеді;
- 4) осы жағдай туралы Министрлікті хабардар етеді.

84. Қазақстан Республикасының азаматы қайтыс болған жағдайда консул оны тиісті құрметпен жерлеу немесе қайтыс болған азаматтың мәйітін Қазақстан Республикасына жіберу шараларын қабылдайды.

85. Болу мемлекетінде, оның ішінде форс-мажорлық мән-жайлар салдарынан қиын жағдайға ұшыраған Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ қайтыс болған Қазақстан Республикасы азаматтарына қатысты шаралар қабылдау бойынша іс-шараларды іске асыру Қазақстан Республикасының Әділет министрі және Қазақстан Республикасының Қаржы министрімен келісім бойынша Министр бекітетін «Шетелде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру» бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте көзделген қаражатты пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Консулдың Қазақстан Республикасы азаматтарының мүлкіне қатысты функциялары

86. Консул Қазақстан Республикасының азаматы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мүлікті кейіннен мұрагерлерге беру үшін оны қорғау шараларын қабылдайды.

87. Консул Қазақстан Республикасының азаматтарына тиесілі ақшаны, бағалы заттарды, құнды қағаздарды және құжаттарды сақтауға қабылдайды.

Сақтауға тапсырылған мүліктің иесі қайтыс болған жағдайда, мұндай мүлікке осы Жарғының 86-тармағының ережелері қолданылады.

22. Консулдың қамаққа алынған, түрмеге қамалған, күзетке алынған не ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ консулдық округ аумағында хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасы азаматтарын іздестіруге қатысты функциялары

88. Консул күзетпен қамауға алынған (тұтқындалған) немесе қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған, немесе бас бостандығын шектейтін басқа да шараларға ұшыраған, немесе бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жүрген, сол сияқты сот немесе әкімшілік ықпал етудің өзге шаралары қолданылатын Қазақстан Республикасының азаматтарына қатысты болу мемлекетінің заңнамасы мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың сақталуы үшін шаралар қабылдайды.

89. Консул мүдделі адамдардың өтініші және өз бастамасы бойынша қамау орындарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына барады және оларды ұстау жағдайларын анықтайды, болу мемлекетін Қазақстан Республикасының мұндай азаматтарының санитария мен гигиена талаптарына сай жағдайларда ұсталуы, олардың қатыгездікке ұшырамауы және адамдық қасиеттерінің қорланбауы қажеттілігі туралы хабардар ету үшін шаралар қабылдайды.

90. Консул қамаққа алынған, түрмеге қамалған, күзетке алынған не ұсталған Қазақстан Республикасының азаматы атынан оның тиісті шаралардың қабылдануына қарсы жазбаша қарсылығы болған кезде, кез келген шара қабылдаудан тартынады.

91. Консул өз консулдық округі аумағында хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасы азаматтарын іздестіруге жәрдемдесу үшін болу мемлекетінің құзыретті органдарына жүгінеді.

23. Құрметті консулдықтардың қызметі

92. Құрметті консулдардың Қазақстан Республикасы атынан жекелеген консулдық функцияларды орындауы Министрдің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

93. Құрметті консулдықтарды болу мемлекетінің келісімі бойынша Министр тағайындайтын құрметті консулдар басқарады.

Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің азаматы құрметті консул болып тағайындалады.

94. Құрметті консулдықтар болу мемлекетінің келісімі бойынша Министрдің бұйрығы негізінде құрылады, қайта ұйымдастырылады және өз қызметін тоқтатады.

95. Құрметті консулдардың функциялары мен өкілеттіктері Министрдің бұйрығымен айқындалады.

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған
кейбір жарлықтарының тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығы(Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 47, 430-құжат).
2. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1503 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 51, 670 - құжат).
3. «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 623 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 308-құжат).
4. «Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 260 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 27-28, 366-құжат).